

**Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы «Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар
№7 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
педагогикалық кеңесінің**

№2 хаттамасынан көшірме

Төрайымы-А.Ж.Достанова
Хатшы- Р.С.Абильтаева
Мерзімі:05.09.2024ж
Қатысқаны:59

Күн тәртібінде:

1. «Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өзін-өзі бағалаудың қорытындысы туралы

Мектеп директоры А.Ж.Достанова сөз сөйледі:

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз қамтамасыз ету департаментінің білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу кестесіне сәйкес 2024 жылдың қыркүйек айы мен қараша айында Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ аттестаттаудан өткізілетінін хабарлады. Өзін-өзі бағалаудың өлшем шарттарымен және «Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 05.09.2024 жылғы № 131/1 бұйрығымен таныстыды.

«Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» басшылыққа ала отырып мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылатындығын атап өтті:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалауға ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына талдау жолымен жүзеге асырылады:

- 1) оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
- 2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
- 3) білім алушылардың және тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне;
- 4) оқу мерзіміне сәйкестігін талдау;
- 5) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген стандарттарының талаптарына сәйкестігін зерделеу кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» пайдаланылады.

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 жалпы білім беретін орта мектебінің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу үшін төмендегі құрамда комиссия құрылып, оның мүшелері бекітілсін:

Комиссия төрайымы:

1. А.Ж.Достанова-мектеп директоры

Мүшелері:

2. Ильясова Асель Алиевна- директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
3. Дүйсенғалиева Таңшолпан Құмарқызы-директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, математика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
4. Жулаева Шатгуль Бахытовна- директордың оқу-әдістемелік жөніндегі орынбасары, казак тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
5. Қаржаубай Мөлдір Серікқызы- Қосымша білім беру педагог» , комиссия мүшесі
6. Кабылбаева Китабия Жеткергеновна- Ағылшын тілі пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
7. Демесинова Гулзира Гарифуллаевна- бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі
8. Саукебаева Лаура Аманжоловна- Мектеп психологы, комиссия мүшесі
9. Балымбетов Садуакас Шайкыұлы- Мектеп директорының шарушылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
10. Шалабаева Мейрамхат Фазылбековна- Кәсіподақ төрайымы, комиссия мүшесі
11. Куанышева Жұлдыз Зинеддинқызы-әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі

Шешім:

1. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары және Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 20 ақпандағы тізімде көрсетілген білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізге алынсын.
2. Бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша нақты тапсырмалар комиссия мүшелеріне бөліп берілсін.
3. Өзін-өзі бағалау қорытындысы 25.09.2024 жылы педагогикалық кеңесте қарастырылсын және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілсін.

Мектеп директоры: *А.Ж. Достанова*
Хатшы: *Р.С. Абильтаева*



**Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ
«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ » КММ-нің
кезектен тыс №3 педагогикалық кеңесінің хаттамасы**

25-қыркүйек 2024 жыл.

Күн тәртібі

1. «Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КММ-нің қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау есебін талқылау туралы /А.Ж.Достанова/
- 2.

ТЫҢДАЛДЫ:

А.Ж.Достанова- мектеп директоры, комиссия төрағасы

1. «Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КММ-нің 2024 жылдың 05 қыркүйек күнгі өткізілген №2 педагогикалық кеңесінің шешімінің орындалуы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстырды. Мектеп ұжымының алдына қойылған басты міндет - мектептің атқарылып жатқан қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу болатын. Ағымдағы жылдың 05 қыркүйек мен 25 қыркүйек аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» № 473 бұйрығы басшылыққа алынды.

Бекітілген комиссия мүшелерінің құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығының талаптарына сәйкес оқу- тәрбие жұмысын іске асыру, сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру, бейінді оқытуды іске асыру өлшемшарттары бойынша зерделеу жүргізді.

Ұжым алдында өзін-өзі бағалау өлшемшарттары бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, қорытынды анықтамамен таныстыру үшін сөз комиссия мүшелеріне берілді.

Шығып сөйлеушілер:

1. **А.А.Ильясова**-комиссия мүшесі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының нақты бағыттары негізінде мектеп алды даярлық сыныптарындағы, 1-11 сыныптарындағы жұмысты зерделеп, өзін-өзі бағалау жүргізілді:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының іске асырылуы;

2. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды даярлық сыныптарындағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптары;
3. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдікдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастырылуы мен оқу мерзіміне қойылатын талаптары;
4. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптары;
5. Бағалау өлшемшарттарында берілген 7-қосымша бойынша педагогтердің бейіні бойынша дипломдары, біліктілік санаттары, мектептің материалдық базасы;

Аталған бұйрықтың 1-2 параграф өлшемшарттары талаптарына сәйкес 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындағы мектептің оқу тәрбие процесінің жылдық жұмыс жоспарлары, жұмыс оқу жоспарымен сабақ кестелерінің ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкестігі зерделенді. Зерделеу қорытындысымен таныстыра келе, зерделеу барысында әр бөлім бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстарға тоқталды.

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. «Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау нәтижесінде анықталған кемшіліктер бойынша кешенді жоспар құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізу;
2. Өзін-өзі бағалау есебін 2024 жылдың 30.09 күні мектептің интернет-ресурсында жариялау.

Педагогикалық кеңесінің төрағасы: А.Ж. Достанова
Хатшы: Р.С. Абильтаева



№	Қаралған күні	Қаралған жері	Қаралған тарапы
1	2024 жылдың 30.09 күні	Мектептің кабинетінде	Педагогикалық кеңесінің төрағасы
2	2024 жылдың 30.09 күні	Мектептің кабинетінде	Хатшы
3	2024 жылдың 30.09 күні	Мектептің кабинетінде	Мектеп директоры
4	2024 жылдың 30.09 күні	Мектептің кабинетінде	Мектептің әкімі